

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және
құрылыс министрлігі

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің м.а. 2026 жылғы 14
қыркүйектегі № 456 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2026
жылғы 16 қыркүйекте № 39888
болып тіркелді

Министерство промышленности и строительства
Республики Казахстан

**«Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 тамыздағы № 327 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36717 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Елішілік құндылықты дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің
міндетін атқарушы**

**Р.
Исакулов**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Исполняющий обязанности
Министра промышленности
и строительства
Республики Казахстан
от 14 сентября 2026 года
№ 456 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің
2025 жылғы 27 тамыздағы
№ 327 бұйрығымен бекітілді

Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 97-1-бабының 2-тармағына және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 41-1-тармақшасына сәйкес әзірленді және қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Тізілім қазақстандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратты қамтитын «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі болып табылады.

Өтініш беруші мен қазақстандық тауар өндірушінің тізілімді пайдалануы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, тізілімге енгізу туралы өтініш берген кәсіпкерлік субъектісі;

2) қазақстандық тауар өндіруші – Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген кәсіпкерлік субъектісі;

3) Қазақстанда шығарылған тауар – толығымен Қазақстан Республикасында өндірілген тауар немесе өндіру кезінде өндірістік және технологиялық операциялардың ең төмен шегі орындалатын, өндіріс шарттарына сәйкес келетін қайта өңделген тауар, ол туралы мәліметтер қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде қамтылады;

4) цифрлық верификация – «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері арқылы мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор жүзеге асыратын өтініш берушіні бағалаудың автоматты процесі;

5) «машиналық оқыту моделі – цифрлық верификация процесінде пайдаланылатын деректерді өңдеу және өндірістік қызметті бағалау міндеттеріне арналған машиналық оқыту алгоритмі;

6) салалық қауымдастық (одақ) – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасында аккредиттелген кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сондай-ақ мүдделерді білдіру және қорғау мақсатындағы дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестіктері;

7) салалық мемлекеттік орган – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (саласында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өнеркәсіп саласында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінде және заңнамасында көзделген басшылықты, салааралық үйлестіруді және өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыруды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

9) елішілік құндылық үлесі – дайын тауардың өзіндік құнындағы қазақстандық шикізат пен материалдар құнының пайыздық қамтуы;

10) өндірісті оқшаулау деңгейі – Заңның 51-7 бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен өндіріс шарттарының, өндірістік және технологиялық

операциялардың тізіміне сәйкес технологиялық операциялар санының орындалған технологиялық операциялардың санын айқындайтын сандық көрсеткіш.

4. Тізілімді қалыптастыруды уәкілетті орган жүзеге асырады және мынадай кезеңдерден тұрады:

1) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісі веб-порталында пайдаланушының жеке кабинеті арқылы өтініш беруі;

2) цифрлық растау;

3) салалық комиссияның өндірісті бағалауы;

4) уәкілетті органның тізілімге енгізу немесе енгізбеу туралы шешім қабылдауы.

5. Уәкілетті орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы тізілімді жүргізуді және жариялауды қамтамасыз етеді.

6. Тізілімде қазақстандық өндірушінің болуын растау осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес үзінді көшірме болып табылады.

7. Салалық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар Заңның 51-3-бабының 2, 3, 4, 5 және 6-тармақтарына сәйкес уәкілетті органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында толық өндірілген тауарлар және оларды өндірушілер туралы мәліметтерді ұсынады.

8. Қазақстандық бағдарламалық қамтылымды өндірушілерді тізілімге енгізуді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтерді ұсына отырып, хабарламасы негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

9. Осы Қағидалардың 7 және 8-тармақтарында көзделген жағдайларда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында толық өндірілген тауарлар және оларды өндірушілер туралы мәліметтерді және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның хабарламасын олар уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Салалық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган толық емес және (немесе)

дәйексіз ақпарат берген кезде уәкілетті орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген мерзім ішінде ескертулерді көрсете отырып, осындай ақпаратты пысықтауға қайтарады.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып, пысықталған ақпаратты уәкілетті органның қайта қарауына жібереді.

Қазақстан Республикасының аумағында толық өндірілген тауарлар және оларды өндірушілер туралы мәліметтерді және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның хабарламаларын қайта қарауды уәкілетті орган олар қарауға келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

2-тарау. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін жүргізу тәртібі

1-параграф. Өтінімді беру тәртібі

10. Өтінімді беруді өтінім беруші мыналарды бере отырып, электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы веб-порталдағы жеке кабинетте жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес ақпаратты жинауға және өңдеуге келісім;

2) өндірісті бағалау және мониторингті жүзеге асыру үшін өндірістік объектіге қолжетімділік беруге келісім;

3) өндірістік объектіде бейнебақылау жүйесін орнату жөніндегі міндеттемелерді қабылдауға, мониторингті жүзеге асыру үшін уәкілетті органға бейнеақпаратты қарауға қашықтан қолжетімділік беруге келісім;

4) мәлімделген өндіріс шарттарының, өндірістік және технологиялық операциялардың орындалғанын растайтын мәліметтер:

өндірістің нақты орналасқан жері туралы мәліметтер;

өндірілген өнім туралы мәліметтер: Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына (СЭҚ ТН) сәйкес код, Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне (ЭҚТӨЖ) сәйкес код, Тауарлардың, жұмыстар мен

көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына (ТЖҚ БНА) сәйкес код, Құрылыс конструкциялары, бұйымдары және құрылыс материалдары бойынша сәулет, қала құрылыс және құрылыс каталогына сәйкес код (СҚҚК-3), Ұлттық тауарлар каталогына сәйкес сәйкестендіру коды (ҰТК), Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес код (ЭҚЖЖ);

тауарларды өндірудің мәлімделген технологиялық процесін бейнелейтін (растайтын) бейнематериалды қоса алғанда, өндірістік шарттарды, өндірістік және технологиялық операцияларды орындау туралы мәліметтер;

әрбір мәлімделген тауар атауы бойынша елішілік құндылық үлесі: шикізат пен материалдардың/компоненттерді жеткізушілер туралы мәліметтер, сондай-ақ шетелден шыққан шикізат пен материалдардың/компоненттердің құны, дайын өнімнің өзіндік құны туралы мәліметтер. Тауардағы ішкі елішілік құндылық үлесін есептеу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес формула бойынша жүзеге асырылады;

жылдағы бірлік санын көрсете отырып, әрбір мәлімделген тауар атауы бойынша өндірістік қуат;

егер өнім техникалық реттеу саласындағы заңнамаға сәйкес сәйкестікті (растауды) міндетті бағалауға жататын болса, сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттың көшірмесі;

жабдықтың атауын, моделін, шығарылған жылын, шығарылған елін, нысаналы мақсатын, өндірістік қуаттылығын және автоматтандыру дәрежесін көрсете отырып, өндірістік және технологиялық операцияларда пайдаланылатын, меншік құқығы немесе өзге де заңды негіздегі жабдықтың болуы туралы мәліметтер;

нысаналы мақсатына сәйкес келетін және өтініш беруші қызметті жүзеге асыратын меншік құқығы немесе өзге де заңды негіздегі үй-жайдың (қойма, әкімшілік, өндірістік) болуы туралы мәліметтер;

егер қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) осындай түріне қатысты «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру тәртібі белгіленген жағдайда, қызметтің тиісті түрін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттарының болуы туралы мәліметтер.

11. Өтініш беруші тізілімге енгізілген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде, бірақ осы Қағидалардың 27-тармағында көзделген мониторингті жүзеге асыру мерзімінен кешіктірмей осы Қағидалардың 10-тармағының 3) тармақшасында көзделген міндеттемелерді орындайды.

12. Өтінім беру сәтінде соңғы үш жыл ішінде өндірістік объект пайдалануға берілген жағдайда, өндірістік қуаттарды пайдалануға беру актісін қоса бере отырып, «жаңа өндіріс» деп белгілеу қажет.

2-параграф. Цифрлық верификация

13. Өтінім берілгеннен кейін осы Қағидаларға 5-қосымшада көзделген өтініш берушінің өндірістік қызметін растайтын критерийлер бойынша машиналық оқыту моделін қолдана отырып, цифрлық верификация жүзеге асырылады.

14. Цифрлық верификация өтінім берілгеннен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде жүзеге асырылады.

Цифрлық верификация қорытындысы бойынша «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісі өндірістік қызметтің төмен, орташа және жоғары көрсеткіші бар өтініш берушіні анықтайды.

15. Өндірістік қызметтің көрсеткіші төмен болған кезде цифрлық верификация нәтижелері теріс болып есептеледі және веб-порталдағы пайдаланушының жеке кабинетіне негіздемелері бар тізілімге енгізуден дәлелді бас тарту автоматты түрде жіберіледі.

Өндірістік қызметтің орташа немесе жоғары көрсеткіші жағдайында цифрлық верификацияның нәтижелері оң болып саналады және өтінім өндірісті бағалауға жіберіледі.

3-параграф. Өндірісті бағалау

16. Өндірісті бағалауды уәкілетті орган құрған, құрамына салалық мемлекеттік органдар мен салалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдері кіретін салалық комиссиялар жүзеге асырады.

Салалық комиссиялардың құрамы мен ережелерін уәкілетті орган бекітеді.

17. Өндірісті бағалауды жүзеге асыру мерзімі цифрлық верификация аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

18. Салалық комиссиялардың мүшелері тауарлар өндірісін бағалау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпиялылықты сақтайды.

19. Салалық комиссиялар өндірісті бағалау кезінде осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес өтініш беруші ұсынған мәліметтер негізінде, оның ішінде талдау жүргізу арқылы өндірістің, өндірістік және технологиялық операциялардың мәлімделген шарттарының орындалуын тексеруді жүзеге асырады:

- 1) цифрлық верификация нәтижелері;
- 2) мәлімделген өндірістік және технологиялық операциялардың тауар өндірісінің мәлімделген технологиялық процесін көрсететін (растайтын) бейнематериалды қоса алғанда, өндірістік және технологиялық операциялардың ең төменгі шегіне сәйкестігі;
- 3) өндірісті оқшаулау деңгейі және елішілік құндылық үлесі;
- 4) мәлімделген мәліметтерге сәйкес кәсіпорынның өндірістік қуаты.

20. Осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес өндірістің, өндірістік және технологиялық операциялардың мәлімделген шарттарының орындалуын тексеру қорытындылары бойынша салалық комиссия өндірісті бағалаудың оң немесе теріс нәтижесі туралы шешім қабылдайды.

21. Салалық комиссия өндірісті бағалаудың теріс нәтижесі туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:

- 1) өтініш берушінің осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген толық емес және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді ұсынуы;
- 2) көшпелі инспекция жағдайында өндірісті бағалау актісі негізінде жүзеге асырылады.

22. Осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес өтініш беруші ұсынған мәліметтер негізінде өндірісті бағалау мүмкін болмаған жағдайда, салалық комиссиялар құрамында кемінде 3 (үш) салалық комиссия мүшесі бар көшпелі инспекцияны жүзеге асырады.

23. Көшпелі инспекция жүргізу кезеңінде осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген өндірісті бағалауды жүргізу мерзімі тоқтатыла тұрады.

Көшпелі инспекцияға қатысу үшін салалық қауымдастықтардың (одақтардың) өкілдерін тарту ерікті сипатқа ие және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

24. Көшпелі инспекцияның қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көшпелі инспекцияны жүзеге асырған салалық комиссия мүшелері қол қоятын өндірісті бағалау актісі жасалады.

25. Салалық комиссиялардың шешімдері салалық комиссиялардың мүшелері қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.

Көшпелі инспекция жағдайында Хаттама өндірісті бағалау актісінің негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде қалыптастырылады, оны қарау қорытындысы бойынша салалық комиссия өндірісті бағалаудың оң немесе теріс нәтижесі туралы шешім қабылдайды.

4-параграф. Тізілімге енгізу туралы немесе тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдау

26. Өндірісті бағалау нәтижелері бойынша 2 (екі) жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірі қабылданады:

1) өндірісті бағалау оң нәтиже берген кезде өтініш беруші тізілімге енгізіледі;

2) өндірісті бағалау теріс нәтиже берген кезде өтініш берушіге «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектісінің веб-порталындағы пайдаланушының жеке кабинетіне негіздемелері бар дәлелді жауап жіберіледі.

5-параграф. Тізілім мониторингі

27. Қазақстандық тауар өндірушіні тізілімге енгізгеннен кейін уәкілетті орган тоқсанына кемінде бір рет кезеңділікпен есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей цифрлық верификация арқылы мониторингті жүзеге асырады.

28. Мониторинг қорытындылары бойынша осы Қағидалардың 5-қосымшасында көзделген өлшемшарттарға сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, келесі мониторинг жүзеге асырылғанға дейін анықталған сәйкессіздіктерді жою қажеттілігі туралы веб-порталдағы пайдаланушының жеке кабинетіне автоматты түрде хабарлама жіберіледі.

29. Алдыңғы мониторинг нәтижелері бойынша белгіленген сәйкессіздіктер қайтадан жойылмаған жағдайда, өтініш берушіге тізілімнен шығару туралы хабарлама жіберіледі.

30. Қазақстандық тауар өндірушіге қатысты басқа қазақстандық тауар өндірушілерден тізілімде болу талаптарына сәйкессіздігі туралы шағымдар түскен кезде салалық мемлекеттік органдар осы Қағидалардың 22 және 24-тармақтарында көзделген тәртіппен көшпелі инспекцияны жүзеге асыру арқылы оның мониторингін жүргізуі мүмкін.

Көшпелі инспекция осы Қағидалардың 10-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берілген келісім негізінде жүргізіледі.

31. Қазақстандық тауар өндірушінің тізілімінде болу талаптарына сәйкессіздігі туралы шағымды салалық мемлекеттік органға басқа қазақстандық тауар өндіруші береді, оның тауары шағым берілетін қазақстандық тауар өндірушінің тауарымен СЭҚ ТН бір коды бойынша сыныпталады.

32. Шағымда мыналар көрсетіледі:

1) тізілімнен үзінді көшірмені қоса бере отырып, шағым беретін қазақстандық тауар өндіруші туралы мәліметтер;

2) шағым берілетін қазақстандық тауар өндіруші және оның тауарының атауын, СЭҚ ТН, СЭҚ КП, СҚҚК, ТЖҚ БНА және ҰТК кодтарын, сондай-ақ өтінімнің тіркеу нөмірі болған жағдайда ол көрсетілген мәліметтер;

3) шағым берілетін қазақстандық тауар өндіруші растайтын материалдарды қоса бере отырып осы Қағидалардың және (немесе) «Өндіріс, өндірістік және технологиялық операциялар шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 392 бұйрығының бұзған талаптары.

33. Келіп түскен шағымды салалық мемлекеттік орган тіркейді және салалық комиссияның хатшысына жібереді, ол шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны осы Қағидалардың 31 және 32-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкестігін тексереді.

Шағым осы Қағидалардың 31 және 32-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда, салалық комиссияның хатшысы шағым берген қазақстандық тауар өндірушіге шағымды одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

34. Шағым осы Қағидалардың 31 және 32-тармақтарында көзделген шарттарға сәйкес келген жағдайда, шағым осы Қағидалардың 22 және 24-тармақтарында көзделген тәртіппен шағым түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көшпелі инспекцияны жүзеге асыру арқылы қазақстандық тауар өндірушіге мониторинг жүргізетін салалық комиссияның қарауына шығарылады.

35. Көшпелі инспекцияның қорытындылары бойынша ол аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірісті бағалау актісі жасалады, ол шағым берген қазақстандық тауар өндірушіге және шағым берілген қазақстандық тауар өндірушіге, сондай-ақ уәкілетті органға жіберіледі.

36. Осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес жасалған өндірісті бағалау актісіне шағымды қазақстандық тауар өндірушілер Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында көзделген тәртіппен береді.

37. Тізілімдегі қазақстандық бағдарламалық қамтылымды өндірушілерінің мониторингін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган уәкілетті органды нәтижелері туралы хабардар ете отырып, тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырады.

38. Қазақстандық тауар өндірушіні тізілімнен шығару веб-портал арқылы мыналардың негізінде жүзеге асырылады:

1) тізілімге мониторинг жүргізу кезінде цифрлық верификация нәтижелері;

- 2) бағдарламалық қамтылым өндірушілерінің мониторингі нәтижелері;
- 3) қазақстандық тауар өндірушінің тізілімнен шығару туралы өтініші;
- 4) осы Қағидалардың 35-тармағына сәйкес жасалған тізілімде болу талаптарына сәйкессіздігі туралы өндірісті бағалау актісі.

Қайта құру нысанындағы қайта ұйымдастыруды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға таратылған немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда, қазақстандық тауар өндірушіні тізілімнен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.

Қайта ұйымдастыру кезінде жаңадан құрылған заңды тұлға тізілімге қайта енгізу үшін өтінім береді.

39. Қазақстандық бағдарламалық қамтылымды өндірушілерді тізілімнен шығаруды уәкілетті орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның осындай қазақстандық бағдарламалық қамтылымды өндірушіні тізілімнен шығару туралы хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Қазақстандық бағдарламалық қамтылымды өндірушілер тізілімнен шығарылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде шығару туралы хабарламаға ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға шағымдануға құқылы.

40. Цифрлық верификация арқылы мониторинг нәтижелері бойынша тізілімнен шығару бойынша қазақстандық тауар өндірушілердің қарсылықтарын, шағымдарын қарау үшін уәкілетті орган апелляциялық комиссия құрады. Апелляциялық комиссияның құрамы мен ережесін уәкілетті орган бекітеді.

41. Апелляциялық комиссияның шешімі уәкілетті органның орындауы үшін міндетті болып табылады.

Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 1 қосымша

Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінің нысаны

Өтінім- нің тір- кеу нөмі- рі	БСН /ЖСН	Заңды тұлғаның /жеке кәсіпкер- дің атауы	ЭҚЖЖ бойынша қызмет тү- рі	ЭАОЖ бойын- ша өңір	Өндірістің нақты мекенжайы, элек- трондық пошта мекенжайы, теле- фон телефон	Өнім ата- уы	Өндірістік ку- аты, жылына бірлік саны
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

10 таңба бойынша СЭҚ ТН	ЭҚТӨЖ	ТЖК- БҰА	СҚҚК- 3	ТҰК	ЕҚҰ%	Өндірістің жергіліктену деңгейі	Тізілімге енгізілген күні
9	10	11	12	13	14	15	16

Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 2 қосымша

Қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінен үзінді көшірме

Занды тұлғаның/жеке кәсіпкердің атауы: _____

БСН/ЖСН: _____

№	Өтінім- нің тір- кеу нөмі- рі	Өндірілетін қазақ- стандық тауар- дың атауы	ЭҚ- ЖЖ	ЕАЭО СЭҚ ТН ко- ды	ЭҚ- ТӨЖ коды	ТЖК БҰ коды	СҚҚК- 3	ТҰК	Өндіріс куаты, жылына бірлік са- ны	Өндірі- стің жергі- ліктеу деңгейі	ЕҚҰ	Ті- зі- лім- ге ен- гізі- л- ген кү- ні

«__ __» 20__ жыл [үзінді көшірменің жасалған күні]

**Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 3 қосымша**

**Қазақстан Республикасының аумағында толығымен өндірілген тауарларды
өндіретін қазақстандық тауар өндірушілер туралы мәліметтер**

БСН /ЖСН	Занды тұлғаның /жеке кәсіпкердің атауы	ЭҚЖЖ бой- ынша қыз- мет түрі	ӨАОЖ бойын- ша өңір	Өндірістің нақты мекен- жайы, электрондық пошта, телефон	Тауардың /өнімнің атауы	10 таңба бойынша СЭҚ ТН*	ЭҚТӨЖ
1	2	3	4	5	6	7	8

Кестенің жалғасы

ТЖК- БҰА	СКҚК- 3	ЕҚҰ	ТҰК	Өн- дірістік куаты, жылы- на бір- лік са- ны	Тауарларды өндірудің және иеленудің зандылығын куәландыратын құжат / бағдарламалық қамтылымды сенім біл- дірілген бағдарламалық қамтылым мен электрондық өнеркәсіп өнім- дерінің тізіліміне қосу туралы хабарла- ма/энергиямен жабдықтау шарты	Тауарларды өндірудің және иеленудің заңдылығын куәлан- дыратын құжаттың)/ энергия- мен жабдықтау шартының қолданылу мерзімі (қазақстан- дық бағдарламалық қамтылым өндірушілерін қоспағанда	Тізілім- ге ен- гізіл- ген күні
9	10	11	12	13	14	15	16

Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 4 қосымша

Тауардағы елішілік құндылық үлесін есептеу

$$\text{ЕҚҰ} = 100\% \frac{\text{Шет.мат.}}{\text{Тауардың өзінд.құны}} \times 100\%$$

мұндағы,

ЕҚҰ – тауардағы елішілік құндылық үлесі, %;

Шет. мат. – шетелден шыққан шикізат пен материалдардың құны;

Тауардың өзінд.құны – дайын өнімнің өзіндік құны.

Ескертпе: дайын тауардың өзіндік құны Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4771 болып тіркелген) Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының 11-тарауында көрсетілген шоттардан құралады.

Дайын тауардың өзіндік құны қосылған құн салығы (ҚҚС) мен пайданы есепке алмай көрсетіледі.

Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 5 қосымша

Өтініш берушінің өндірістік қызметін растайтын өлшемшарттар

1. Цифрлық верификация мемлекеттік ақпараттық жүйелердің деректерін пайдалана отырып, өндірістік қызметті растайтын өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады және машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып, субъектінің қазақстандық тауар өндіруші санатына жатқызу ықтималдығын есептеуге негізделген.

2. Цифрлық верификация барлық кәсіпкерлік субъектілері - қатысушылар бойынша бекітілген өлшемшарттарға сәйкес жиынтықты талдау жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

3. Автоматтандыру шеңберінде «шешім ағаштары» негізіндегі градиенттік бустинг моделі (бұдан әрі – LightGBM) қолданылады, ол көптеген белгілерді ескеруге, сызықтық емес тәуелділіктерді анықтауға және мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерінде бар ақпарат көздерінің тарихи деректері бойынша ықтималдық бағалауларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әрбір жазба субъектінің қазақстандық тауар өндіруші санатына жатқызу ықтималдығы дәрежесінің өлшемшарттары мен субъектілер қызметінің белгілерінің жиынтығымен сипатталады.

Дайындалған деректер жиынтығында LightGBM моделі үйретіледі.

Оқытудың қорытындысы белгілердің салмақтар жүйесі және ұйымның қазақстандық тауар өндіруші санатына жатқызу ықтималдығын болжай алатын модель болып табылады.

Әрбір субъект үшін жүйе қазақстандық тауар өндіруші санатына жатқызу ықтималдығын 0-ден 1-ге дейінгі диапазонда есептейді.

Формальды түрде, ықтималдық:

$$P(\text{ҚТӨ}_i) = f(X_i)$$

мұндағы (X_i) - кәсіпорынның белгілер векторы;

ал f - LightGBM моделімен аппроксимацияланатын функция.

Есептелген ықтималдықтар негізінде сыныптамасы үшін шекті мәндер белгіленеді:

- $P \geq a$ - жоғары ықтималдық, субъект қазақстандық тауар өндіруші ретінде жіктеледі;

- $b \leq P < a$ - орташа, субъект қосымша тексеруді талап етеді;

- $P < b$ - төмен ықтималдық, қазақстандық тауар өндірушіге жататындығының ықтималдығы төмен;

мұндағы a және b мәндері модельді қайта оқыту кезінде жаңартылады.

Модель жаңартылған тарихи деректер және олардың өзектілік күні негізінде тұрақты қайта оқытуға ұшырайды, бұл сыныптаманың дәлдігін арттыруға және корреляцияланған немесе ақпараттық емес белгілерді алып тастауға мүмкіндік береді.

4. Өндірістік қызметті растайтын өлшемшарттар бойынша цифрлық верификация жүргізу үшін қажетті мәліметтердің тізбесі:

- 1) кәсіпкерлік субъектінің атауы;
- 2) кәсіпкерлік субъектінің ЖСН/БСН;
- 3) ұйымдастыру нысаны туралы мәліметтер;
- 4) кәсіпкерлік субъектінің негізгі қызмет түрі (ЭҚЖЖ);
- 5) мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен бастап қызметті жүзеге асыру кезеңі, күндермен есептелген;
- 6) қолданылатын салық салу режимі;
- 7) экспортқа қатысу туралы мәліметтер;
- 8) төленген салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер сомалары туралы мәліметтер;
- 9) салықтық есептілік мәліметтері:
 - субъектінің жиынтық жылдық табысы (табысы);
 - жұмыскерлердің орташа тізімдік саны;
 - жұмыскерлерге есептелген табыс;

- қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін төлемнің есептелген сомасы;

10) электрондық шот-фактуралар мәліметтері;

11) жүк кедендік декларациялары мәліметтері.

5. Қазақстандық тауар өндірушісін іріктеудің негізгі өлшемшарттары құпия ақпарат болып табылмайтын мәліметтер негізінде және құпия (қызметтік) ақпарат болып табылатын мәліметтер негізінде есептеледі және тоқсан сайын өзектендіріледі.

6. Цифрлық верификацияны есептеу жүргізілетін кезең:

1) 1-есептік кезең – есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жыл;

2) 2-есептік кезең – есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 30 қыркүйегіне дейінгі кезең (үш тоқсан);

3) 3-есептік кезең – есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жыл;

4) 4-есептік кезең – есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезең (төрт тоқсан);

5) 5-есептік кезең – есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 наурызына дейінгі кезең (бір тоқсан);

6) 6-есептік кезең – есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 30 маусымына дейінгі кезең (екі тоқсан).

Цифрлық верификация үшін тек осы тармақта белгіленген есептік кезеңдер ғана қолданылады. Басқа есептік кезеңдерді қолдануға жол берілмейді.

7. Цифрлық верификацияны есептеу жүргізу мерзімдері:

Цифрлық верификацияны есептеу жүргізілетін күн	Мәліметтердің өзектілігі бойынша жағдайы:	Цифрлық верификацияны есептеу үшін қолданылатын кезең	Есептеу нәтижелерін жариялау күні
15 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейін	1 желтоқсанға	1-есептік кезең - есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жыл; 2-есептік кезең - есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 30 қыркүйегіне дейінгі кезең (үш тоқсан).	1 қаңтар
15 наурыздан 31 наурызға дейін	1 наурызға	3-есептік кезең - есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жыл; 4-есептік кезең - есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезең (төрт тоқсан).	1 сәуір

15 маусымнан 30 маусымға дейін	1 маусымға	1-есептік кезең - есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күн-тізбелік жыл; 5-есептік кезең - есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 наурызына дейінгі кезең (бір тоқсан).	1 шілде
15 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін	1 қыркүйекке	1-есептік кезең - есептеу жүргізілетін жылдың алдындағы күн-тізбелік жыл; 6-есептік кезең - есептеу жүргізілетін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 30 маусымына дейінгі кезең (екі тоқсан)	1 қазан

8. Өндірістік қызметті растайтын өлшемшарттар:

- 1) субъект қызметінің жүзеге асырылу кезеңі;
- 2) есептеу жүргізілетін күнгі қолданыстағы салық салу режимінің түрі;
- 3) есептеу жүргізілетін күнгі субъект қызметінің түрі (ЭҚЖЖ);
- 4) субъекттің жиынтық жылдық табысы (табысы) осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект ұсынған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;
- 5) тауарларды өткізу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;
- 6) тауарларды өткізу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;
- 7) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;
- 8) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;
- 9) шикізат/қосалқы бөлшектерді сатып алу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар, жүк кедендік декларациялары және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш деректеріне сәйкес;

10) шикізат/қосалқы бөлшектерді сатып алу бойынша айналым осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін электрондық шот-фактуралар, жүк кедендік декларациялары және тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш деректеріне сәйкес;

11) жұмыскерлерге есептелген табыс (еңбекақы қоры) осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

12) жұмыскерлерге есептелген табыс (еңбекақы қоры) осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

13) жұмыскерлердің орташа тізімдік саны осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

14) жұмыскерлердің орташа тізімдік саны осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

15) бір жұмыскерге шаққандағы орташа жалақы мөлшері осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

16) бір жұмыскерге шаққандағы орташа жалақы мөлшері осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

17) қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін есептелген төлем сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

18) қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін есептелген төлем сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін ұсынылған салықтық есептілік деректеріне сәйкес;

19) тұтынылған электр энергиясына жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

20) тұтынылған электр энергиясына жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

21) сумен жабдықтауға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

22) сумен жабдықтауға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

23) жылумен жабдықтауға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

24) жылумен жабдықтауға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

25) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес;

26) қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға жұмсалған жалпы шығын сомасы осы өлшемшарттардың 6-тармағының 2), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект атына жазылған электрондық шот-фактуралар деректеріне сәйкес.

9. Субъект қызметінің жүзеге асырылу кезеңін анықтайтын өлшемшарт субъект қызметін іске асыруды бастау күнінен (заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу сәтінен, мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қойылған күннен) өткен күнтізбелік күндердің жалпы саны болып табылады.

Күнтізбелік күндердің санын есептеу ағымдағы күн мен субъект қызметін іске асыруды бастау күні арасындағы айырмашылық ретінде анықталады:

$$N = A - B$$

мұндағы:

- N – субъект қызметін іске асыруды бастау күнінен өткен күнтізбелік күндердің жалпы саны;
- A – ағымдағы күн;
- B – субъект қызметін іске асыруды бастау күні;
- A – B (есептеу жүргізілген сәттегі күнтізбелік күн);
- Субъект қызметін іске асыруды бастау күні - заңды тұлғаның мемлекеттік (есептік) тіркеу күні немесе мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қойылған күн.

Кәсіпкерлік субъектілері арасында іріктеу талдауын жүргізу кезінде қызметті бастау күнінен өткен күнтізбелік күндердің жалпы саны 1095/1096 күннен артық болуы тиіс.

10. «Қолданылатын салық салу режимінің түрі» өлшемшарты есептеу жүргізу күніне қолданыстағы салық салу режимінің түрі туралы мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері негізінде анықталады.

11. «Субъект қызметінің түрі (ЭҚЖЖ)» өлшемшарты есептеу жүргізу күніне субъект жүзеге асырып отырған қызмет түрі туралы мемлекеттік кіріс органдарының мәліметтері негізінде анықталады.

12. «Субъекттің жиынтық жылдық табысы (табысы)» өлшемшарты осы өлшемшарттардың 6-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген кезеңдер үшін субъект ұсынған салықтық есептілік деректеріне сәйкес анықталады.

Есептеу кезінде келесі салық декларацияларының мәліметтері қолданылады:

- корпоративтік табыс салығы бойынша декларация (100.00 нысаны);
- корпоративтік табыс салығы бойынша декларация (110.00 нысаны);
- корпоративтік табыс салығы және аса пайда салығы бойынша декларация (150.00 нысаны);
- жеке табыс салығы бойынша декларация (220.00 нысаны);
- шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация (910.00 нысаны);

- патент алуға арналған есеп (911.00 нысаны);
- бекітілген шегерімді қолданатын арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация (912.00 нысаны);
- бөлшек сауда салығының арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілерге арналған декларация (913.00 нысаны);
- бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00 нысаны).

Егер субъектінің жиынтық жылдық табысы (табысы) туралы мәліметтер есептеу жүргізілетін кезең үшін жоғарыда аталған декларациялардың екеуінен немесе одан көбінен бір мезгілде көрсетілсе, тиісті мәндер қосылуға тиіс.

13. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 5) және 6) тармақшаларындағы өлшемшарттар электрондық шот-фактуралар деректері бойынша тауарларды өткізу айналымының сомасы негізінде есептеледі.

Айналым сомасы тауарларды өткізу айналымы жасалған күн бойынша анықталады, жұмыстар мен қызметтерді қоспағанда, «Негізгі», «Қосымша» немесе «Түзетілген» түрдегі электрондық шот-фактуралардың «Қаралмаған», «Жеткізілді» немесе «ЭСФ АЖ-де бұғатталған» мәртебелері бар деректеріне сәйкес.

14. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 7) және 8) тармақшаларындағы өлшемшарттар электрондық шот-фактуралар деректері негізінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу айналымының сомасы бойынша есептеледі.

Айналым сомасы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу айналымы жасалған күн бойынша айқындалады, «Негізгі», «Қосымша» немесе «Түзетілген» түрдегі электрондық шот-фактуралардың «Қаралмаған», «Жеткізілді» немесе «ЭШФ АЖ бұғатталған» мәртебелері бар деректеріне сәйкес.

15. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 9) және 10) тармақшаларындағы өлшемшарттар шикізат пен қосалқы бөлшектерді сатып алу айналымының сомасы негізінде есептеледі, бұл сомалар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына (СЭҚ ТН) кодтары бойынша шикізат және қосалқы бөлшектерге жатқызылған тауарларға сәйкес айқындалады.

Айналым сомасы «Қаралмаған», «Жеткізілді» немесе «ЭШФ АЖ бұғатталған» мәртебелері бар, жүк кедендік декларацияларына және тауарларды

әкелу мен жанама салықтарды төлеу туралы өтінішке (328.00 нысаны), «Негізгі», «Қосымша» немесе «Түзетілген» түрдегі электрондық шот-фактуралардың деректеріне сәйкес шикізат пен қосалқы бөлшектерді сатып алу бойынша айналымы жасалған күн бойынша белгіленеді.

16. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар жұмыскерлерге есептелген табыс сомасы (еңбекақы қоры) негізінде есептеледі, бұл салықтық есептілік деректеріне сәйкес.

Есептеу кезінде мынадай салық декларацияларының мәліметтері қолданылады:

- жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00 нысаны);
- шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация (910.00 нысаны);
- бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00 нысаны).

Егер субъектінің жұмыскерлерге есептелген табысы (еңбекақы қоры) туралы мәліметтер есептеу жүргізілетін кезең үшін жоғарыда аталған декларациялардың екеуінен немесе одан көбінен бір мезгілде көрсетілсе, тиісті мәндер қосылуға тиіс.

17. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 13) және 14) тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар салықтық есептілік деректері бойынша жұмыскерлердің саны туралы мәліметтер негізінде есептеледі.

Есептеу кезінде мынадай салық декларацияларының мәліметтері қолданылады:

- жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00 нысаны);
- шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация (910.00 нысаны);
- бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00 нысаны).

Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның (200.00 нысаны) деректері бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны есептеу жүргізілетін салықтық кезеңнің бірнеше айын қамтитын кезең үшін әр айдағы жұмыскерлердің орташа тізімдік санын қосу жолымен және алынған соманы осы кезеңдегі айлар санына бөлу жолымен есептеледі.

Жеңілдетілген декларацияның (910.00 нысаны) деректері бойынша жұмыскерлердің орташа тізімдік саны есептеу жүргізілетін салықтық кезеңнің екі жартыжылдығын қамтитын кезең үшін әр жартыжылдықтағы жұмыскерлердің орташа тізімдік санын қосу жолымен және алынған соманы осындай жартыжылдықтар санына бөлу жолымен есептеледі.

Есептік салық кезеңі үшін жұмыскерлердің орташа тізімдік санын анықтау кезінде жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияда (200.00 нысаны) көрсетілген жұмыскерлердің орташа тізімдік санының көрсеткіштері, сондай-ақ жеңілдетілген декларацияда (910.00 нысаны) және бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияда (920.00 нысаны) осыған ұқсас кезең үшін көрсетілген жұмыскерлердің орташа тізімдік санының көрсеткіштері қосылу жолымен ескеріледі.

18. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 15 және 16 тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар салықтық есептілік деректері бойынша жұмыскерлерге есептелген табыстың (еңбекақы төлеу қорының) сәйкес есептік кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік санына қатынасы ретінде анықталады.

Есептеу кезінде мынадай салық декларацияларының мәліметтері қолданылады:

- жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация (200.00 нысаны);
- шағын бизнес үшін жеңілдетілген декларация (910.00 нысаны);
- бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация (920.00 нысаны).

Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияның (200.00 нысаны) деректері бойынша жұмыскерлердің орташа жалақысы кезеңнің еңбекақы төлеу қорының (ЕАТҚ) жиынтық мәнін сол кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік санына бөлу жолымен анықталады.

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларацияның (920.00 нысаны) мәліметтері бойынша жұмыскерлердің орташа жалақысы кезеңнің жұмыскерлерге есептелген табыстарының (ЕАТҚ) жиынтық мәнін сол кезеңдегі жұмыскерлердің орташа тізімдік санына бөлу жолымен анықталады, ал алынған мән жұмыскерлер саны толтырылған айлар санына бөлінеді.

Жеңілдетілген декларацияның (910.00 нысаны) мәліметтері бойынша жұмыскерлердің орташа жалақысы есепке кіретін тиісті жартыжылдықтар үшін декларацияларда көрсетілген бір жұмыскерге шаққандағы орташа айлық жалақы көрсеткіштерінің орташа мәні ретінде анықталады.

Есептеу мына жолмен жүргізіледі:

- есептік кезеңнің әр жартыжылдығы үшін 910.00 нысанында көрсетілген бір жұмыскерге шаққандағы орташа айлық жалақы мәндерінің қосылуы;
- алынған соманы есептік кезеңге кіретін жартыжылдықтар санына бөлу.

Формула:

$$\text{Орташа жалақы} = \frac{\sum \text{Жалақы}_{\text{орташа айлық жалақы}}}{n}$$

Мұндағы:

- $\sum \text{Жалақы}_{\text{орташа айлық жалақы}}$ - 910.00 нысанының деректері бойынша тиісті жартыжылдық үшін бір жұмыскерге шаққандағы орташа айлық жалақы;
- n - есептік кезеңге кіретін жартыжылдықтар саны.

19. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 17 және 18-тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар салықтық есептілік деректері бойынша қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін есептелген төлем сомасы туралы мәліметтер негізінде анықталады.

Қоршаған ортаға теріс әсер ету үшін төлем сомасын анықтау кезінде қоршаған ортаға шығарындылар үшін төлем бойынша салық декларациясының (870.00 нысаны) мәліметтері қолданылады, бұл декларацияда бір немесе бірнеше арнайы табиғат пайдалану түрлері көрсетілген болса, ауаға қозғалмалы көздерден ластаушы заттардың шығарындыларын қоспағанда.

20. Осы өлшемшарттардың 8-тармағының 20-26-тармақшаларында көрсетілген өлшемшарттар электрондық шот-фактуралар мәліметтеріне сәйкес тұтынылған электр энергиясына, сумен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға қатысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша айналым сомасы негізінде есептеледі.

Айналым сомасы «Қаралмаған», «Жеткізілді» немесе «ЭШФ АЖ бұғатталған» мәртебелері бар, «Негізгі», «Қосымша» немесе «Түзетілген» түрдегі

электрондық шот-фактуралардың деректеріне сәйкес тұтынылған электр энергиясына, сумен жабдықтауға, жылумен жабдықтауға және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға қатысты қызметтерді сатып алу бойынша айналымы жасалған күн бойынша анықталады.

Қазақстандық тауар
өндірушілердің тізілімін
жүргізу қағидаларына
№ 6 қосымша

Өндірісті бағалау актісі

Күні 20__ «__» _____

(кәсіпорынның атауын көрсетіңіз)

_____ мекенжайы бойынша
орналасқан

№	Тексеріп-қарау өлшемшарттары	Жау- ап (+/-)	Ес- керт- пе
1	Үй-жайдың болуы (қойма, әкімшілік, өндірістік)		
2	Өндірістік объектінің орналасқан жерінің мекенжайының нақты сәйкестігі		
3	Тауарларды өндіру кезінде мәлімделген технологиялық операцияларды орындауға арналған жабдықтың (технологиялық, зертханалық, қосалқы) болуы		
4	Мәлімделген өндірістік және технологиялық операцияларды орындау		
5	Мәлімделген өндірістік қуаттардың нақты сәйкестігі		

Арнайы белгілер:

Өнеркәсіптік комиссия мүшелері:

(қолы)

(Т.А. Ә.)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

(қолы)

(Т.А.Ә.)